

Қырғыз Республикасының Президенті А.А.Ақаевтың Қазақстан Республикасына ресми сапарын дайындау және өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2003 жылғы 24 желтоқсандағы N 315-ө өкімі

Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасы арасындағы екі жақты ынтымақтастықты нығайту және 2003 жылғы 25-26 желтоқсанда Астана қаласында Қырғыз Республикасының Президенті А.А.Ақаевтың Қазақстан Республикасына ресми сапарын дайындау және өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз ету мақсатында:

1. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі 2003 жылғы 25-26 желтоқсанда Астана қаласында Қырғыз Республикасының Президенті А.А.Ақаевтың Қазақстан Республикасына ресми сапарын (бұдан әрі - сапар) дайындау және өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз етсін.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы (келісім бойынша): қосымшаға сәйкес Қырғыз Республикасы делегациясының мүшелерін орналастыру, тамақтандыру және оларға көліктік қызмет көрсету жөнінде қажетті шаралар қ а б ы л д а с ы н ;

2003 жылға арналған республикалық бюджетте "Ресми делегацияларға қызмет көрсету" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен сапарды өткізу шығыстарын қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша) Қырғыз Республикасының делегациясы мүшелерінің әуежайдағы, тұратын және болатын орындарындағы қауіпсіздігін, сондай-ақ жүретін бағыттары бойынша бірге жүруді қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі б е л г і л е н г е н т ә р т і п п е н :

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігімен бірлесіп, Қырғыз Республикасының Президенті арнайы ұшағының Қазақстан Республикасының аумағы үстінен ұшып өтуін, Астана қаласының әуежайына қонуын және одан ұшып шығуын;

Астана қаласының әуежайында арнайы ұшаққа техникалық қызмет көрсетуді, оның тұрағын және жанармай құюды қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігі сапарды бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

6. Астана қаласының әкімі Қырғыз Республикасының ресми делегациясын күтіп алу және шығарып салу, Астана қаласының әуежайы мен көшелерінің безендірілуі жөніндегі ұйымдастыру іс-шараларының орындалуын қамтамасыз етсін.

7. Қазақстан Республикасының Республикалық ұланы (келісім бойынша) Астана қаласының әуежайында Қырғыз Республикасының Президентін күтіп алу мен шығарып салу рәсіміне қатыссын, Қазақстан Республикасы Президентінің атынан қабылдау кезінде концерттік бағдарлама ұйымдастырсын.

8. Осы өкімнің іске асырылуын бақылау Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне жүктелсін.

Премьер-Министр

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

2 0 0 3 ж ы л ғ ы 2 4 ж е л т о қ с а н д а ғ ы

№ 3 1 5 ө к і м і н е

қосымша

Қырғыз Республикасы ресми делегациясының мүшелерін орналастыру, тамақтандыру және оларға көліктік қызмет көрсету жөніндегі ұйымдастыру шаралары

1. Қырғыз Республикасы ресми делегациясының мүшелерін (1+12) және бірге жүретін адамдарды Астана қаласында "Окан Интерконтиненталь-Астана" қонақ үйіне орналастыру, тамақтандыру және оларға көліктік қызмет көрсету.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі қызметкерлерін "Окан Интерконтиненталь-Астана" қонақ үйіне орналастыру.

3. Баспа өнімдерін (бейджер, автокөліктерге арнайы рұқсатнамалар, куверттік карталар, қабылдауға шақырулар) дайындау.

4. Қырғыз Республикасының делегациясы басшысы мен мүшелеріне арналған сыйлық және кәдейсыйлар сатып алу.

5. Қырғыз Республикасының делегациясын Астана қаласының әуежайында күтіп алу және шығарып салу кезінде шай дастарханын ұйымдастыру.

6. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың атынан Қырғыз Республикасының Президенті А.А.Ақаевтың құрметіне ресми қабылдау ұйымдастыру.

7. Ресми делегацияның мүшелеріне және бірге жүретін адамдарға медициналық қызмет көрсету.